



**"Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 239 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 8 шілдеде № 13896 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Республикалық құқықтық ақпарат орталығына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 6 маусымдағы  
№ 239 бұйрығымен  
бекітілген

**"Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексін (бұдан әрі – Кодекс) іске асыру мақсатында әзірленді, Санитариялық қағидалар, гигиеналық нормативтер, техникалық регламенттер талаптарының сақталуын өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды және ведомстволық тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын өнімдерді өндіру, қолдану, сақтау, тасымалдау, өткізу, жинау, кәдеге жарату және (немесе) жою бойынша қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға арналған.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау объектілері – эпидемиялық маңызы бар объектілер, жеке және заңды тұлғалар, ғимараттар, құрылыстар, өнім, жабдық, көлік құралдары, топырақ, су, ауа, тамақ өнімдері және қызметі, пайдаланылуы, тұтынылуы, қолданылуы мен іске қосылуы адамның денсаулық жағдайы мен қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін өзге де объектілер;

2) өндірістік бақылау – өндірілетін өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам және оның тіршілік ететін ортасы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз етуге бағытталған, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға орындайтын іс-шаралар, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтар кешені.

3. Дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар өздері жүзеге асыратын қызметіне сәйкес Кодекстің 90-бабының 4-тармағына сәйкес осы Санитариялық

қағидаларда көзделген талаптарға сай өндірістік бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

4. Дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар өндірістік бақылаудың тиімді жүйесін әзірлейді, құжаттамалық ресімдейді, енгізеді және жұмыс жағдайында ұстайды.

Өндірістік бақылауды қамтамасыз ету дара кәсіпкерге және заңды тұлғаның басшысына жүктеледі.

Жүзеге асырылатын өндірістік бақылаудың уақтылығын, толықтығын және дәйектілігін қатамасыз ету дара кәсіпкердің және заңды тұлға басшысының бұйрығымен тағайындалатын лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

5. Өндірістік бақылаудың мақсаты объектіде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарында (бұдан әрі – нормалау құжаттары) белгіленген талаптардың сақталуына өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру және жүргізу жолымен өнімнің, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің адам үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз ету болып табылады.

6. Өндірістік бақылау объектілері тізбелері "Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 414 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11658 болып тіркелген) бекітілген өнім және эпидемиялық маңызы бар объектілер болып табылады.

## **2-тарау. Өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі**

7. Өндірістік бақылауды жүзеге асыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыруды дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар жүргізеді.

8. Өндірістік бақылау мыналарды қамтиды:

1) өндірістік бақылау бағдарламасын әзірлеу;

2) нормалау құжаттарында белгіленген жағдайларда:

өндірістің адамға және оның денсаулығына әсер етуін бағалау мақсатында жұмыс орындарында, өнеркәсіптік алаң аумағында;

халықтың денсаулығына тәуекелді және белгіленген санитариялық-қорғаныш аймағының (бұдан әрі – СҚА) санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкестігін бағалау үшін экологиялық өндірістік бақылау бағдарламасы бойынша орындалған СҚА шекарасындағы атмосфералық ауаны;

шикізатты, жартылай фабрикаттарды, қаптамалау материалдарын, тамақ өнімдерімен және сумен жанасатын бұйымдарды, тарату желісіне, тарату

желісінен, резервуарлардан түсу алдында сумен жабдықтау көзінен алынатын ауыз судың қауіпсіздігін, дайын өнімді және оларды өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу, жинау, кәдеге жарату, жоюдың технологиялық процесі барысында гигиеналық талаптардың сақталуын, сондай-ақ бақылаудың қажетті дәйектілігін және толықтығын қамтамасыз ететін өлшеу құралдарын бақылауды жүзеге асыру (ұйымдастыру);

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10634 болып тіркелген) бекітілген Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларына сәйкес медициналық қарап тексеруден және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 449 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11714 болып тіркелген) Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидаларына және Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту бағдарламаларына сәйкес гигиеналық оқытудан өтудің уақтылығын және толықтығын бақылау, сондай-ақ жеке медициналық кітапшаларды есепке алу;

4) өнімнің (оның ішінде келіп түсетін шикізаттың, қаптамалау материалдарының, тамақ өнімдерімен жанасатын бұйымдардың) қауіпсіздігі мен сәйкестігін растайтын құжаттардың бар болуын, құжаттардың (мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің, сәйкестік туралы декларациялардың, сертификаттардың, ветеринариялық құжаттардың), сондай-ақ рұқсат беру құжаттарының (санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды немесе қызметтің басталуы туралы хабарламаның қабылданғаны туралы талон) қолданылу мерзімдерін бақылау;

5) тәуекел факторларын бағалау, анықталған қауіп-қатерді, өндірістік және қоршаған орта факторларының қауіпсіздігі және (немесе) зиянсыздығы өлшемшарттарын талдау және қауіп-қатерді басқаруды қамтамасыз ету үшін бақылаудың сыни нүктелерін айқындай отырып, процестердің (пайдалану, жинау, тасымалдау, сақтау, залалсыздандыру, кәдеге жарату, қайта өңдеу, көму), жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін бақылау әдістерін айқындау;

6) өндірістік бақылауды жүзеге асыруға байланысты құжаттаманы есепке алу және есептілігін жүргізу. Құжаттарды сақтау мерзімдері – кемінде үш жыл;

7) халықты, жергілікті атқарушы органдарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарын авариялық

жағдайлар, өндірістің тоқтауы, технологиялық процестердің бұзылулары, объектінің қызметіне байланысты, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қатер төндіретін жаппай (3 және одан көп жағдайлар) инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулардың пайда болу жағдайлары туралы хабардар ету схемасын әзірлеу;

8) өндірістік бақылау бағдарламасында көзделген іс-шаралардың орындалуын, технологиялық процестер барысында гигиеналық талаптардың сақталуын, микробиологиялық, химиялық, токсикологиялық, вирусологиялық, радиологиялық, биологиялық қауіп-қатерлер мен бөтен қосылыстарды жою мен азайтудың уақтылығын бақылау. Бақылау барысында іс-шараларды түзету және анықталған бұзушылықтарды жоюға бағытталған шараларды іске асыру жүргізіледі.

9. Өндірістік бақылау бағдарламасы объектіде бар қауіп-қатерлерді (тәуекел факторларын) есепке ала отырып әзірленеді.

Өнімнің қауіпсіздігіне барлық азық-түлік тізбегі бойынша әсер ететін қауіпті факторларды жүйелі түрде сәйкестендіруге, бағалауға және басқаруға негізделген және "Халықаралық техникалық нормалар мен қағидалар. Тамақ өнімдері гигиенасының жалпы қағидаттары. (CAC/Rsp 1-1969, rev.4 (2003). Қосымша. Қауіпті факторларды және бақылаудың сыни нүктелерін талдау жүйесі (ХАССП) және оны қолдану жөніндегі әдістемелік нұсқаулық" атты Алиментариус Кодексі Комиссиясының құжатымен белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін ХАССП жүйесін енгізген тамақ өнімдерін өндіру объектілерінде өндірістік бақылаудың қосымша бағдарламасын енгізу қажет етілмейді.

10. Өндірістік бақылау бағдарламасын әзірлеуді дара кәсіпкер, заңды тұлға өз бетінше немесе санитариялық-эпидемиологиялық аудитті жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын адамдарды тарта отырып жүзеге асырады.

11. Әзірленген өндірістік бақылау бағдарламасы қызмет түрі өзгерген, технологиялық процеске, тамақ өнімінің рецептурасына өзгерістер енгізілген, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтылығына әсер ететін және (немесе) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қатер төндіретін басқа да өзгерістер кезінде қайта қаралады.

12. Аспаптық және зертханалық зерттеулерді дара кәсіпкер, заңды тұлға өндірістік зертхана базасында не Кодекстің 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес берілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге

сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар зертхананы (сынақ орталықтарын) тарта отырып жүзеге асырады.

Өндірістік бақылауды жүргізу үшін сынама алу және жеткізуді зертхананың (сынақ орталығының) маманы не объектінің оқытылған персоналы жүзеге асырады.

### **3-тарау. Өндірістік бақылау бағдарламасына қойылатын талаптар**

13. Өндірістік бақылау бағдарламасы еркін нысанда жасалады және мынаны қамтиды:

1) мыналардың тізбелерін айқындау:

жүзеге асырылатын қызметіне сәйкес нормалау құжаттарының және нормативтік техникалық құжаттардың (мемлекеттік стандарттар, тіршілік ету ортасы факторларын бақылау әдістемелері мен әдістері) тізбесін. Осы тізбе "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзектілендіріледі;

дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бекітетін кәсіпорында (объектіде) өндірістік бақылаудың жүргізілуін бақылау бойынша функциялар жүктелген лауазымды тұлғалар (жұмыскерлер) тізбесін;

медициналық қарап тексеруге, гигиеналық даярлыққа және аттестаттауға жататын жұмыскерлер лауазымдарының тізбесін;

дара кәсіпкер және заңды тұлға жүзеге асыратын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің, шығарылатын өнімдердің, сондай-ақ адам үшін әлеуетті қауіп-қатер төндіретін және өндірістік бақылауға жататын қызмет түрлерінің тізбесін, оның ішінде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат құжаттарының болуы көзделген қызмет түрлерінің тізбесін;

өндірістік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті нормалау құжаттарында белгіленген есепке алу және есептілік нысандарының тізбесін;

химиялық заттардың, биологиялық, физикалық және өзге де қауіпті факторлардың, адам мен оның тіршілік ету ортасы үшін әлеуетті қауіп-қатер төндіретін өндірістік бақылау объектілерінің тізбесін;

зертханалық зерттеу жүргізу үшін сынамалар (өлшеулер) алу жүзеге асырылатын бақылау нүктелерін және сынама алу (зертханалық зерттеулер және сынақтар жүргізу) мерзімділігін көрсете отырып, оларға қатысты зертханалық зерттеулер мен өлшеулерді ұйымдастыру қажет бақылау нүктелерінің (бақылаудың сыни нүктелерінің) тізбесін. Химиялық заттардың, биологиялық, физикалық және өзге де қауіпті факторлардың тізбесін, сынама алу жүзеге асырылатын бақылау нүктелерін таңдауды, аспаптық және (немесе) зертханалық зерттеулер, санитариялық өңдеу, дезинфекциялық, дезинсекциялық және

дератизациялық іс-шаралар көлемін және мерзімділігін жауапты адамдар (технолог, инженер және т.б.) объектінің сипаттамасын, зиянды өндірістік факторлардың (өнеркәсіптік объектілер үшін) бар болуын, олардың адам денсаулығына және оның тіршілік ететін ортасына әсер ету дәрежесін, өндіру, айналымы, қаптамалау, таңбалау, кәдеге жарату және жою сатыларында қауіп-қатердің бар болуын есепке ала отырып, осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зертханалық-аспаптық өлшеулердің ұсынылатын көлемдеріне, өлшемшарттарына және мерзімділігіне сәйкес айқындайды;

2) осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес халықты, жергілікті атқарушы органдарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарын авариялық жағдайлар, өндірістің тоқтауы, технологиялық процестердің бұзылулары, объектінің қызметіне байланысты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қатер төндіретін жаппай (3 және одан көп жағдайлар) инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулардың пайда болу жағдайлары туралы хабардар ету схемалары.

14. Өндірістік бақылау бағдарламасы нормалау құжаттары талаптарының сақталуын тиімді бақылауды жүзеге асыру үшін жүргізу қажет өзге де іс-шараларды қамтиды.

**4-тарау. Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру кезіндегі өндірістік бақылаудың ерекшеліктері**

15. Өндірістік бақылау зертханалық зерттеулерді, сынақтарды қолдана отырып объектілердің мынадай санаттарында жүзеге асырылады:

1) өнеркәсіптік және радиациялық гигиена объектілері (өндірістік объектілер) – жұмыс орындары, өндірістік үй-жайлар және алаңдар (аумақ), СҚА шекарасы, санитариялық қорғау аймақтары, өнімді дайындауға арналған шикізат, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің жаңа түрлері, жаңа технологиялық процестер, көлік, технологиялық жабдық, өндіріс және тұтыну қалдықтары (қалдықтарды жинау, пайдалану, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау, қайта өңдеу және көму), құрылыста, көлікте пайдалануға арналған полимерлік, синтетикалық өзге де материалдар, иондаушы, оның ішінде генерациялаушы сәулелену көзі болып табылатын өнім, бұйымдар, сондай-ақ құрамында радиоактивті заттар бар бұйымдар мен тауарлар, радиоактивті заттардың болуы гигиеналық нормативтермен регламенттелетін құрылыс шикізаты және материалдары. Өндірістік бақылау өндірістік ортаның әлеуетті қауіпті факторларын зертханалық зерттеулерді және сынақтарды қамтиды (физикалық факторлар: температура, ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы, жылу сәулесі; иондамайтын электр магниттік өрістер (бұдан әрі –

ЭМӨ) және сәулелеу (электр статикалық өріс); тұрақты магниттік өріс (оның ішінде гипогеомагниттік); өнеркәсіптік жиіліктегі электр және магниттік өріс (50 Гц); дербес компьютерлер тудыратын кең жолақты ЭМӨ; радиожиілікті ауқымның электр магниттік сәулесі; кең жолақты электр магниттік импульстер; оптикалық ауқымдағы электр магниттік сәулелер (оның ішінде лазерлі және ультракүлгін); иондаушы сәулелер; өндірістік шуыл, ультрадыбыс, инфрадыбыс; діріл (жергілікті, жалпы); фиброгенді әсері басым аэрозольдар (шаңдар); табиғи жарықтандыру (болмауы немесе жеткіліксіздігі), жасанды жарықтандыру (жеткіліксіз жарықтандыру, жарықтандырудың пульс беруі, шамадан тыс жарықтық, жарықтың таралуының жоғары біркелкі еместігі, тура және көзді қарықтыратын шағылысқан жарқыл); ауаның электрлі зарядталған бөлшектері (аэроиондар); фиброгенді әсері басым аэрозольдар; химиялық факторлар: химиялық синтезбен алынатын және (немесе) бақылау үшін химиялық талдау әдістері пайдаланылатын қоспалар, жіті бағытталған әсер ету тетігі бар зиянды заттар, қауіптілігі 1 – 4 сыныпты зиянды заттар). Өндіріс және тұтыну қалдықтарының түзілуіне байланысты қызметті жүзеге асырған кезінде қоршаған ортаның ластану деңгейін бағалай отырып, өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауды, пайдалануды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды, қайта өңдеуді және көмуді зертханалық бақылауды қоса алғанда, бақылауды көздеу керек.

Өндірістік объектілерде жүргізілетін өндірістік бақылау нәтижелері туралы ақпарат тиісті аумақтағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне жарты жылда 1 рет кейінгі айдың 5-күніне осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады;

2) тамақ өнімдерін өндіру және айналымы объектілері: зертханалық бақылауды дайындаушы кәсіпорын салалық нұсқаулықтарға және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес дайындаушы кәсіпорын белгілеген сыни бақылау нүктелерін: өндірістің технологиялық кезеңдерінде айқындауды ескере отырып белгілейді. Өндірілетін өнімнің түріне байланысты шикізаттың, жартылай фабрикаттардың, қосалқы материалдардың, дайын өнімнің, радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық, паразитологиялық қауіпсіздік көрсеткіштеріне судың сапасы мен қауіпсіздігі; технологиялық процестердің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы және өндірістік үй-жайларды, жабдықтар мен мүкәммалды дезинфекциялау, дератизациялау, дезинсекциялау сапасы; өндірістің санитариялық-гигиеналық режимдерінің және жұмыс істеушілердің еңбек жағдайларының сақталуы бақыланады.



Сауда объектілерінде өнімді сақтау шарттарын және бақылау-өлшеу аспаптарын тексеру жиілігін бақылау жүзеге асырылады;

3) коммуналдық гигиена объектілері: сумен жабдықтау объектілері, оның ішінде орталықтандырылған, орталықтандырылмаған, үй ішіндегі тарату, халықты автономды ауыз сумен жабдықтау жүйелерін, тарату желісі бар көлік құралдарындағы ауыз сумен жабдықтау жүйесін пайдалану; ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау мақсатында және рекреациялық мақсатта пайдаланылатын жерүсті және жерасты көздері, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау саласында қолданылатын материалдар, жабдық, заттар, құрылғылар. Зертханалық бақылау ауыз судың, сондай-ақ су объектісінің Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10774 болып тіркелген) "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкестігіне жүзеге асырылады. Елді мекендер аумақтарынан, өндірістік және өзге де объектілерден өндірістік, шаруашылық-тұрмыстық және жер үстіндегі сарқынды судың барлық түрлерін шығаруға байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде тазарту құрылыстарындағы ингредиенттер, шығарылатын сарқынды судың құрамы бойынша заттарды алып тастаудың тиімділігін зертханалық бақылауды көздеу керек;

шаруашылық-тұрмыстық кәріздің тазарту құрылыстары, қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әрі – ҚТҚ) жинауға және сақтауға арналған алаңдар мен полигондар: зертханалық бақылау сарқынды судың, топырақтың сапасына, сарқынды суды, атмосфералық ауаны тазарту кезінде қолданылатын материалдар мен жабдыққа жүзеге асырылады. Елді мекендер аумақтарынан, өндірістік және өзге де объектілерден өндірістік, шаруашылық-тұрмыстық және жер үстіндегі сарқынды судың барлық түрлерін шығаруға байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 176 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10936 болып тіркелген) бекітілген "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес тазарту құрылыстарындағы ингредиенттер, шығарылатын

сарқынды судың құрамы бойынша заттарды алып тастау тиімділігін зертханалық бақылауды көздеу керек;

рекреациялық аймақтар, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар: зертханалық бақылау сумен жабдықтаудың, су бұрудың, үй-жайлар микроклиматының, желдету (ауа баптау) жүйесінің, дезинсекциялық және (немесе) дератизациялық іс-шаралардың тиімділігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 125 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10637 болып тіркелген) бекітілген "Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 758 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12846 болып тіркелген) бекітілген "Желдету мен ауаны баптау жүйелеріне, оларды тазалау мен дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – № 758 санитариялық қағидалар), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10388 болып тіркелген) бекітілген "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – № 48 санитариялық қағидалар) талаптарына сәйкестігіне жүзеге асырылады;

халыққа тұрмыстық қызмет көрсету объектілері (бассейндер, аквапарктер, қоғамдық моншалар және бассейндері бар сауналар, сұлулық салондары): инфекциялық және паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында № 183 санитариялық қағидалардың, № 758 санитариялық қағидалардың, № 48 санитариялық қағидалардың талаптарымен көзделген санитариялық-гигиеналық және дезинфекциялық режимдердің, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралардың сақталуын бақылауды көздеу керек;

4) денсаулық сақтау, санаториялық-курорттық, сауықтыру ұйымдары, емдеу-профилактикалық, стоматологиялық ұйымдар, клиникалар, кабинеттер және фармацевтикалық және (немесе) медициналық қызмет жүзеге асырылатын өзге де ғимараттар мен құрылыстар: инфекциялық аурулардың, оның ішінде ауруханаішілік аурулардың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24

акпандағы № 127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10713 болып тіркелген) бекітілген "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 232 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11037 болып тіркелген) бекітілген "Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 233 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11056 болып тіркелген) бекітілген "Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – № 233 санитариялық қағидалар), № 758 санитариялық қағидалардың талаптарымен көзделген санитариялық-гигиеналық, дезинфекциялық және стерилдеу режимдерінің, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралардың сақталуын бақылауды көздеу керек;

5) дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық құралдарды өндіру және (немесе) дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық қызметтерді көрсету объектілері: дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау қызметтерін көрсететін ұйымдардағы өндірістік бақылау № 48 санитариялық қағидалар талаптарының сақталуын, Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттердің аумағында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық құралдарды пайдалануды, медициналық кітапшалардың болуын және жұмыскерлердің медициналық қарап тексеруден өтуін, құралдарды пайдалану кезінде жеке және қоғамдық қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтың көрінетін жерде болуын, қауіпсіздік техникасының сақталуын, оларды сақтау, тасымалдау, кәдеге жарату және (немесе) жою шарттарының сақталуын, аппаратураның жарамдылығын бақылауды, дайындалатын және қолданылатын құралдардың тиімділігін бағалауды, жүргізілген дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық жұмыстардың тиімділігін бағалауды (жою іс-шараларын жүргізу кезінде объектілердегі кеміргіштер мен жәндіктерді есепке алу және санын (қоныстануын) бақылау), дезинфекциялық ерітінділерді дайындаудың дұрыстығын бағалауды, жұмыс ерітінділеріндегі, дератизациялық қармақ жемдердегі әсер етуші заттың белсенділігін бақылауды, құралдар

шығыстары нормаларының сақталуын, өндірістік және қойма үй-жайларында жұмыс аймағының ауасындағы белсенді заттың болуын зерттеуді қамтиды;

б) балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және оларға білім беру, балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілері, интернат ұйымдары, сауықтыру объектілері: өндірістік бақылау микроклиматты, ауа ортасын, физикалық факторларды, топырақты, азық-түлік (тамақ) шикізатының, жартылай фабрикаттардың, қосалқы материалдардың, дайын өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін, суды химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық, паразитологиялық қауіпсіздік көрсеткіштеріне, сондай-ақ ұйымның санитариялық жағдайын бағалау кезінде санитариялық-бактериологиялық көрсеткіштерді зертханалық зерттеуді, жүргізілетін профилактикалық дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық жұмыстардың тиімділігін бағалауды қамтиды. 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін оқу-тәрбиелеу, дене шынықтыру-сауықтыру, емдеу-сауықтыру қызметін және мәдени демалысын жүзеге асыратын, оның ішінде жалпы, орта және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын жыл бойғы балаларды сауықтыру ұйымдарында (бұдан әрі – БСҰ) өндірістік бақылаудың тәртібі мен мерзімділігін БСҰ басшысы және тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметті беруші (бар болса) айқындайды. Өндірістік бақылау БСҰ-да санитариялық-эпидемияға қарсы талаптардың, дезинфекциялық іс-шаралардың сақталуын бақылауды көздейді және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10275 болып тіркелген) бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10975 болып тіркелген) бекітілген "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының, № 233 санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес тамақ өнімінің, оның ішінде жартылай фабрикаттардың, дайын өнімнің, қосалқы материалдардың сапасы мен қауіпсіздігін, суды химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық, паразитологиялық қауіпсіздік көрсеткіштеріне, сондай-ақ ұйымның санитариялық жағдайын бағалау кезінде санитариялық-бактериологиялық көрсеткіштерді зертханалық зерттеуді, жүргізілетін профилактикалық дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық

жұмыстардың тиімділігін бағалауды, балалардың болу және сауықтыру жағдайларын бақылауды қамтиды;

7) химиялық заттарды, агрохимикаттарды және пестицидтерді сақтау және пайдалану жөніндегі объектілер. Өндірістік бақылау пестицидтер мен агрохимикаттарды сақтау және жіберу, жер үстіндегі аппаратураны қолдану кезінде машиналармен және аппаратурамен жұмыс істеу, пестицидтерді авиациялық әдіспен қолдану, жылыжайларда жұмыс істеу, уланған қармақ жемдерді дайындау және қолдану, елді мекендердің жасыл екпелерін қорғауды жүзеге асыру, темір жолдарында өңдеу үшін химиялық заттарды қолдану кезінде жұмыс орындарына, өндірістік үй-жайларға; жеке қорғаныш құралдарымен және арнайы киіммен қамтамасыз етілуін бақылау жүзеге асырылады. Өндірістік орта факторларын зертханалық-аспаптық зерттеулер және өлшеулер (физикалық факторлар: температура, ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы; фиброгенді әсері басым аэрозольдар (шаңдар); аэрозольдар, химиялық факторлар: жіті бағытталған әсер ету тетігі бар зиянды заттар, қауіптілігі 1 – 4 сыныпты зиянды заттар; биологиялық фактор).

8) жолаушыларды тасымалдау жөніндегі көлік құралдары (теміржол, әуе): өндірістік бақылау сумен жабдықтауға, микроклиматқа, төсек-орын жабдықтарына, дезинфекциялық құралдарға жүзеге асырылады.

**5-тарау. Авариялық жағдайлар және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қауіп төндіретін жағдайлар туралы хабардар ету тәртібіне қойылатын талаптар**

16. Инфекциялық және паразиттік аурулардың, тұрғындардың улануларының, кәсіптік аурулардың және уланулардың пайда болуының және таралуының алдын алу мақсатында дара кәсіпкер және заңды тұлға өндірістік бақылау барысында мыналар анықталған кезде:

1) тамақ өнімінің қауіпті қасиеттерге ие болуына алып келген бұзушылықтар – тамақ өнімін дайындау, айналымы және кәдеге жарату процестерін тез арада тоқтатады, оны ішкі сауда объектілерінен кері қайтарып алуды және тиісті сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді, содан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысымен бекітілген Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесіне сәйкес оны кәдеге жаратуды немесе жоюды ұйымдастырады;

2) халықтың өмірі мен денсаулығына қатердің пайда болуына алып келуі мүмкін нормалау құжаттарының талаптарын бұзушылықтар – анықталған бұзушылықтарды жоюға және олардың пайда болуын болдырмауға бағытталған шараларды қабылдайды, оның ішінде:

қызметті немесе жекелеген цехтардың, учаскелердің жұмысын, ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықты, көлікті пайдалануды, жұмыстардың жекелеген түрлерін орындауды және қызметтер көрсетуді тоқтата тұру не тоқтату;

өндірісте нормалау құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін және адам үшін қауіпсіз және (немесе) зиянсыз өнім шығаруды қамтамасыз етпейтін шикізатты, материалдарды пайдалануды тоқтату, ішкі сауда объектілерінен өнімді кері қайтарып алу және адам үшін қауіп-қатер төндіретін өнімге тиісті сараптама жүргізу, адамға зиян келтіруді болдырмайтын мақсаттарда осындай өнімді қолдану (пайдалану) немесе оны жою бойынша шаралар қабылдау;

3) инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратын науқастар – оларды тез арада тиісті тексеруден және медициналық бақылау тексеруінен өткеннен кейін жұмысқа рұқсат алғанға дейін жұмыстан шеттетеді;

қолдарында іріңді инфекциялар бар адамдар (тамақ өнімдерін өндіру объектілерінде) – оларды тез арада жұмыстан шеттетеді немесе тамақ өнімімен тікелей жанасумен байланысты емес басқа жұмысқа ауыстырады;

4) дайын өнімді зертханалық зерттеудің қанағаттанарлықсыз нәтижелері – қажет болған жағдайда үлгілердің екі еселенген көлемін қайта зерттейді, шикізатты, жартылай фабрикаттарды, қосалқы материалдарды, суды, ауаны, шайындыларды, санитариялық киімді, жұмыскерлердің қолдарын (өнімді өндірудің технолгиялық процесінің барысы бойынша, медициналық емшаралар дайындау және жүргізу, медициналық бұйымдарды дезинфекциялау және стерилдеу процесі, басқа да процестер мен көрсетілетін қызметтер барысы бойынша) қосымша бақылауды жүргізеді.

Қосымша зерттеулер көлемі анықталған сәйкессіздіктер есепке алына отырып айқындалады. Қайта зерттеу нәтижелері алынғанға дейін өнімнің партиясы жауапты сақтауда болады.

"Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына  
1-қосымша

### **Зертханалық-аспаптық өлшеулердің ұсынылатын көлемдері, өлшемшарттары және кезеңділігі**

#### **1. Денсаулық сақтау объектілері**

№	Зерттеулер атауы	Айқындалатын көрсеткіштер	Өлшеу, сынамалар алу орны	Жиілігі (кемінде)
1	2	3	4	5
1	Наркологиялық ауруханаларды (диспансерлерді), психиатриялық ауруханаларды (диспансерлерді) қоспағанда, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары			

1.1	Санитариялық-бактериологиялық бақылау		
	Ауаның бактериялық тұқымдалуы	БҚК, алтын түстес стафилококк, зең және ашытқы грибоктары	Операциялық, операция алды, босандыру, палаталар және реанимация залдары, хирургиялық және инфекциялық бөлімшелердің палаталары, асептикалық бокстар, стерилдеу, таңып-байлау, манипуляциялық, хирургиялық кабинеттер (оның ішінде стоматологиялық, уролог, гинеколог), эндоскопиялық емшара бөлмесі, қан құю бөлімшелері, гемодиализ залдары, босанғаннан кейінгі емшара палаталары, шала туған нәрестелерге арналған палаталар, таза киім-кешекке арналған қоймалар
	Эпидемиологиялық маңызы бар объектілердің тізбесіне сәйкес сыртқы ортадан алынған шайындыларды бактериологиялық зерттеу	ІТТБ, патогенді стафилококк, шартты-патогенді және патогенді микрофлораға	Емдеу-диагностикалық кабинеттер (медициналық жабдықтан, мүкәммалдан, киім-кешектен, персоналдың қолынан және арнайы киімінен, ас блоктарының және тарату бөлмесінің мүкәммалынан)
	Құрал-сайманның, таңып-байлау материалының, операциялық киімнің, хирург қолының, операциялық алаңдағы терінің стерилдігін (шайындылар, материал) зерттеу	Стерилділік	Операциялық, босандыру, реанимация залдары, стерилдеу, таңып-байлау, манипуляциялық бөлмелер, емшара бөлмелері, асептикалық бокстар, залдар
	Дезинфекциялық-стерилдеу жабдықтарын бактериологиялық бақылау	Бактериологиялық бақылау (тест-өсіріндіні пайдалану арқылы)	Стерилдеу, дезинфекциялық бөлімшелер
1.2	Санитариялық-химиялық бақылау		
	Стерилдеу алдында тазарту сапасын бақылау (азопирамды, фенолфталеинді сынамалар)	Жасырын қан және сілті	Емдеу-диагностикалық кабинеттері, ОСБ
			Медициналық бұйымдарды стерилдеу алдында тазартудан кейін кемінде 1 % әрбір атаудың медициналық бұйымына (3-5 бірліктен кем емес) күн сайын

Дезинфекциялық құралдарда, ерітінділерінде белсенді әсер ететін заттардың шоғырлануын айқындау	Жұмыс ерітінділерінде, дезқұралдарда, белсенді әсер ететін заттардың шоғырлануын және шоғырланудың сәйкестігін айқындау	Емдеу-диагностикалық және қосалқы кабинеттер, буфеттер-тарату орындары	тоқсанына 1 рет
Микроклимат	Ауа температурасы, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы	"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 127 бұйрығына (бұдан әрі – № 127 бұйрық) 2-қосымшаға сәйкес тұрақты жұмыс орындары бар үй-жайлар, палаталар және микроклиматтың нормаланатын көрсеткіштері бар басқа да үй-жайлар	Жылына 2 рет (жылы және суық кезеңдерде)
Ауа алмасу жиілігі	Жасанды қосылатын сыртқа желдеткіші, желдеткіш іске сору-шығару табиғи	Науқастарға арналған палаталар, операциядан кейінгі палаталар, реанимация залдары, қарқынды терапия палаталары, босандыру бокстары, операция және наркоз бөлімшелері, барокамералар, босандырудан кейінгі палаталар, шала туған, емшектегі, жана туған нәрестелерге арналған палаталар, бокстар, жартылай бокстар, бокс алдындағы бөлмелер, сүзгілер, қарап-тексеру бөлмесі, таңып-байлау бөлмесі, манипуляциялық, емшара, стерилдеу бөлмелері, ЕДШ залдары, функционалдық диагностика кабинеттері, негізгі: дәрілік, таңып-байлау заттары және медициналық мақсаттағы бұйымдар қорын сақтау үй-жайлары № 127 бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес	жылына 1 рет
Жарықтандыру	Жасанды жарықтандыру деңгейі	Тұрақты жұмыс орындары бар үй-жайлар және нормаланатын көрсеткіштері бар басқа үй-жайлар № 127 бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес	Жылына 1 рет
Жұмыс істеп тұрған жабдықтың, оның ішінде желдеткіштің ауа шұғылы	Дыбыстың, октавалы жолақтағы дыбыс қысымының деңгейлері және басқа да нормаланатын көрсеткіштер	Тұрақты жұмыс орындары бар үй-жайлар және басқа да үй-жайлар және нормаланатын көрсеткіштері бар жұмыс істеп тұрған жабдықтар № 127 бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес	Жылына 1 рет



	Иондамайтын сәулелену көздерін бақылау, электр магниттік сәулелену	ЭӨ 50 Гц, УЖЖ, ӨЖЖ, УК, магниттік өріс	Физиотерапевтік, диагностикалық кабинеттердегі жұмыс орындарында	Жылына 1 рет
	Жабық үй-жайлар ауасы	Сынап буы, көміртегі оксиді, озон, азот тотықтары, қорғасын, аммиак, күкіртті сутек	Тұрақты жұмыс орындары бар үй-жайлар және нормаланатын көрсеткіштері бар басқа үй-жайлар	Жылына 1 рет
	Төсек жабдықтары (матрастар, жастықтар, көрпелер)	Камералық өндеудің тиімділігі	Өнделген бұйымдар санының кемінде 1 %	Жарты жылда 1 рет
1.3	Суды зерттеу			
	Бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зеттелетін су	Органолептикалық, физикалық-химиялық және бактериологиялық көрсеткіштер бойынша ауыз судың сапасы	Шаруашылық-ауыз су мақсатында пайдаланылатын су (тарату желісінен алынатын және сырттан әкелінетін су)	Пайдалану алдында, ішкі су құбыры желісіне жөндеу жүргізілгеннен кейін, авариялық жағдайлардан кейін
1.4	Радиациялық бақылау			
	А тобындағы персоналды жеке дозиметриялық бақылау	Радиация деңгейі	Иондаушы сәулелену көздерін пайдаланатын кабинеттер және бөлімшелер	Тоқсанына 1 рет жеке дозиметрлерді бақылау
	Персоналдың жұмыс орындарында, емшара бөлмесімен жапсарлас үй-жайларда және аумақта рентгендік сәулелену дозасының қуатын бақылау	Радиация деңгейі	Иондаушы сәулелену көздерін пайдаланатын кабинеттер және бөлімшелер	2 жылда 1 реттен сиретпей
	Жылжымалы және жеке қорғаныш құралдарының тиімділігін бақылау	Радиация деңгейі	Иондаушы сәулелену көздерін пайдаланатын кабинеттер және бөлімшелер	2 жылда 1 реттен сиретпей
2	Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары			
2.1	Санитариялық-бактериологиялық бақылау			
	Ауаның бактериялық тұқымдалуы	БҚК, алтын түстес стафилококк, зең және ашытқы грибоктары	Стерилдеу, таңып-байлау, манипуляциялық, емшара бөлмелері	тоқсанына 1 рет
